

## Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 маусымдағы N 962 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/275 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2009 жылғы	22 маусымдағы
N 962	қаулысымен
бекітілген	

## Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 36-бабына және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан

Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 23-бабына сәйкес әзірленді және аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы олардың тиесілігіне қарамастан, Ереже аумақтық суларда (теңізде) жүзуді және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыратын барлық кемелерге қолданылады.

2-1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) зерттеу жұмыстарын жүргізу, зерттеу қызметі - гидрографиялық, гидрологиялық, гидрометеорологиялық, гидрохимиялық және геофизикалық жұмыстарды жүргізуге байланысты қызмет, сондай-ақ сулар мен теңіз түбі флорасының, фаунасының жай-күйін зерттеулер;

2) кәсіпшілік жұмыстарды жүргізу, кәсіпшілік қызмет - балық аулауға және басқа су жануарлары мен жәндіктерін ұстауға және қорғауға байланысты кез келген жұмыс;

3) шаруашылық жұмыстарын жүргізу, шаруашылық қызмет - аумақтық сулардағы (теңіздегі) кемелерде жүзеге асырылатын барлық жұмыстар мен қызметтердің түрлері;

4) іздестіру жұмыстарын жүргізу, іздестіру қызметі - су түбін зерделеуге және пайдалы қазбаларды іздеуге байланысты геологиялық жұмыстар жүргізу.

**Ескерту. Ереже 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.19 № 227 Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) шетелдік әскери емес кемелер мен әскери кемелердің шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік қызметіне тыйым салынады.

4. Теңіз порттары айдынының шегінде және кеме қозғалысын басқару қызметтерінің іс-қимылы аймағында жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру ережесі сақталады.

## **2. Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу тәртібі**

5. Мемлекеттік және мемлекеттік емес кемелердің, мұз үстімен жылжитын құралдардың орналасу пункттерінен шығу (шығарылу) құжаттарын ресімдеу, айлақтарды, кеме тұрақтарын, орналасу пункттерін, мемлекеттік және мемлекеттік емес кемелерді, мұз үстімен жылжитын құралдарды уақытша есепке

кою, күтіп-ұстау, сондай-ақ жабдықтау Қазақстан Республикасының заңнамасына және аумақтық сулардың (теңіздің) режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Дүлей апаттарды, апаттар мен аварияларды, кемені өткізуді, сондай-ақ қауіп төнген немесе апатқа ұшыраған адамдарға, кемелерге, ұшу аппараттарына көмек көрсету кезіндегі жағдайларды қоспағанда, белгіленген кеме тұрақтарынан, айлақтардан, орналасу пункттерінен тыс және осы үшін бөлінген басқа да жерлерден тыс мемлекеттік және мемлекеттік емес кемелердің, мұз үстімен жылжитын құралдардың сақталуына және тұрақта тұруына, адамдарды отырғызуға және түсіруге, жүктерді тиеуге және түсіруге тыйым салынады.

7. Теңіз кемелерінің капитандары өздеріне сеніп берілген мемлекеттік және мемлекеттік емес кемелерде адамдардың заңсыз болуына жол бермейді.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.19 № 227 Қаулысымен.**

8. Аумақтық суларда (теңізде) жүзу кезінде мемлекеттік және мемлекеттік емес кемелер, шетелдік әскери емес кемелер және әскери корабльдер навигациялық-гидрографикалық жабдықпен қамтамасыз етілген қозғалыс жолдарын ұстанады.

9. Егер қандай да бір шетелдік әскери емес кемелер немесе әскери корабльдер Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңіз) арқылы өтуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық шарттар мен келісімдерді сақтамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі (бұдан әрі — Шекара қызметі) аумақтық сулардан (теңізден) дереу кетуін ұсынуы мүмкін.

10. Қазақстандық және шетелдік әскери емес кемелер Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда аумақтық суларда (теңізде) Шекара қызметімен ұстауға жатады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.19 № 227 Қаулысымен.**

11. Осы Ереженің 10-тармағына сәйкес шетелдік әскери емес кемелерді ұстаған жағдайда, Шекара қызметі белгіленген тәртіппен сыртқы және ішкі істер мемлекеттік органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шара қолдану үшін өтініш жасайды.

12. Аумақтық суларда (теңізде) сүнгүір қайықтар мен басқа су асты көлік құралдары су бетінде жүреді және өздерінің туларын көтереді.

13. Мемлекеттік және мемлекеттік емес кемелер, шетелдік әскери емес кемелер және әскери корабльдер Қазақстан Республикасының аумақтық суындағы (теңіздегі) кемелердің соқтығысуына жол бермейді.

14. Аумақтық сулар (теңіз) арқылы өтуді жүзеге асыру кезінде ядролық

қозғалтқышы бар шетелдік әскери емес кемелердің және әскери корабльдердің, сондай-ақ ядролық және басқа қауіпті немесе өзінің табиғаты бойынша улы заттарды тасымалдайтын кемелердің борттарында құжаттары болады және осындай кемелер үшін Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері мен шарттарында белгіленген ерекше сақтық шараларын сақтайды.

15. Аумақтық суларда (теңізде) шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу Шекара қызметін хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары өздерінің функционалдық міндеттерін орындау үшін жүзу құралдарымен және өзге де көлік құралдарымен аумақтық суларға (теңізге) шығуды хабарлаусыз, Шекара қызметімен келісілген тізімдер бойынша жүзеге асырады. Тізім он жұмыс күні ішінде келісіледі.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.19 № 227 Қаулысымен.**

16. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) теңіз ғылыми зерттеулерін, іздестіру қызметін жүргізуге ниеті бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен халықаралық ұйымдар Шекара қызметімен келіседі және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштері Гидрографикалық қамтамасыз ету қызметіне жұмыстардың басталуының болжамды күніне дейін кемінде он күнтізбелік күн бұрын:

- 1) жобаның сипаты мен мақсаттары;
- 2) кеменің атауын, тоннажын, типі мен сыныбын және ғылыми жабдықтың сипаттамасын қоса алғанда, қолданылатын әдіс пен құралдар;
- 3) жоба жүргізілетін дәл географиялық аудандар;
- 4) зерттеу кемелерінің алғашқы келуінің және соңғы кетуінің немесе тиісті жағдайларда жабдықты орналастырудың және алудың болжамды күндері;
- 5) жоба соның аясында жүргізілетін ұйымның атауы, жобаға жауапты басшы және тұлға туралы толық ақпаратты ұсынады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.19 № 227 Қаулысымен.**

17. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу халық денсаулығына, экологиялық және өзге де қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуі немесе осындай нұқсан келтіру қаупін тудырмауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұстауға және Шекара қызметіне міндеттерін орындауға кедергі жасамауы тиіс.

18. Зерттеу қызметі тек бейбіт сипатта болуы және Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігіне қатер төндірмеуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК